

«8D01401 - Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға ұсынылған Турдалиев Рауан Муратовичтің «Қазақстан Республикасында қазіргі кезеңдегі студенттік спорт дамуының ғылыми-әдістемелік негіздемесі» атты диссертациялық жұмысына берілген ғылыми жетекшісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Т.А.Ботағариевтің

ШҚІРІ

1. Зерттеу тақырыбының көкейкестілігі. Өздеріңіз білетіндей, бүкіл әлемде студенттік спортты дамыту әр елдегі мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі болып саналады. Себебі жоғары оқу орындарында қоғамның ең белсенді, мобильді және жас бөлігі білім алады. Студент жастардың дене тәрбиесі мен спортқа белсенді қатысуы олардың денсаулығын нығайтып қана қоймай, салауатты өмір салтын қалыптастыруға, әлеуметтік белсенділігін арттыруға және кәсіби тұрғыдан дамуына ықпал етеді. Сонымен қатар, студенттік спорт елдің спорттық резервін қалыптастырудың және халықаралық деңгейдегі спорт жетістіктерін дамытудың маңызды тетігі болып табылады. Мұнда әлемдік аренада өз мемлекеттерінің намысын қорғайтын спорт түрлерінен барлық құрама командалардың негізгі құрамы қалыптасады. Бірақ мамандардың деректері бойынша, бүгінгі таңда ЖОО-да өз шешімін күткен мәселелер бар. Олардың ішінде спорт секцияларының жеткіліксіз саны, сабақтарды өткізу жағдайларының жеткіліксіздігі (мүкәммал және т.б.), жарысқа шығу мүмкіндігінің аздығы негіз болып табылады. Сонымен қатар, студенттермен мен дене шынықтыру мұғалімдері арасында мотивацияның төмендігі байқалады.

Ұсынылып отырған тақырып 2026 жылға дейін дене шынықтыру мен спортты дамыту концепциясы мемлекеттік бағдарламалармен байланысты.

Бұл диссертациялық жұмысты даярлау барысында Р.М.Турдалиев келесі эксперименталдық зерттеулерді атқарды:

- Жоғары оқу орнында қазіргі кезеңде студенттік спортты дамыту мәселесі теориялық тұрғыда негізделді;

- «Студенттік спорт» ұғымының мәні, мазмұны, құрылымы нақтыланды;

- Студенттік спорт дамуының құрылымдық- мазмұндық моделі әзірленді;

- Батыс Қазақстан университеттерінде студенттік спортты дамытудың кешенді жүйесі әзірленіп, оның тиімділігі эксперименттік түрде дәлелденді.

2. Өткізілген зерттеудің теориялық маңыздылығы:

-Жоғары оқу орнында қазіргі кезеңде студенттік спортты дамыту мәселесі теориялық тұрғыда негізделді;

- «Студенттік спорт» ұғымының мәні, мазмұны, құрылымы нақтыланды;

- Студенттік спорт дамуының құрылымдық- мазмұндық моделі әзірленді;

3. Зерттеудің практикалық маңыздылығы. Оқу процесіне келесі элементтер енгізілді:

- Батыс Қазақстан университеттерінде студенттік спортты дамытудың кешенді жүйесі әзірленіп, оның тиімділігі эксперименттік түрде дәлелденді:

- Студенттерге арналған «Студенттік спортты жетілдірудің әдістемелік жолдары» тақырыбында элективті курс.

- Студенттердің техникалық-тактикалық даярлық дәрежесін жаңғырту құралдары;

-ЖОО-ғы студенттік спорт құрылымы мен мазмұнына енгізілген түзетулер.

2021 жылы Р.М. Турдалиев Қазақ спорт және туризм академиясының докторантурасына қабылданып, «8D01401 – Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы бойынша оқуын бастады. Докторантураға түскен жылдан бастап докторлық диссертацияны орындауға жүйелі түрде дайындалып, ғылыми-зерттеу жұмысына терең ден қойды.

Р.М. Турдалиев – жоғары оқу орнында жиырма жылдан астам уақыт бойы кәсіби қызмет атқарып келе жатқан тәжірибелі маман. Ол өзінің педагогикалық және ғылыми қызметінде жоғары орындаушылық қабілетімен, еңбекқорлығымен, жауапкершілігімен, сондай-ақ ғылыми ізденіске деген тұрақты ұмтылысы арқылы ерекшеленді.

Докторлық зерттеуін жүргізу барысында Рауан Муратович ғылыми әдіснаманы терең меңгеріп, зерттеу жұмысының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес нәтижеге қол жеткізді. Ол өзінің ғылыми бағыттағы ізденістерін жетілдіру барысында Орынбор мемлекеттік педагогикалық университетінде ғылыми-тәжірибелік тағылымдамадан өтіп, кәсіби құзыреттілігін арттырды. Сонымен қатар, ғылыми нәтижелерін РФ Орынбор және Челябині қалаларында ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда мақалаларын жариялап, ғылыми ортада талқылауға ұсынды. Оның зерттеу еңбектерінің негізгі тұжырымдары Scopus халықаралық деректер қорындағы журналда жарық көріп, ғылыми қауымдастық тарапынан бағасын алды.

Жоғарыда баяндалғандарды негізге ала отырып, Р.М. Турдалиевтің «Қазақстан Республикасында қазіргі кезеңдегі студенттік спорт дамуының ғылыми-әдістемелік негіздемесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді деп есептеймін. Автор өзінің кәсіби тәжірибесімен, ғылыми құзыреттілігімен және зерттеу нәтижелерінің жаңашылдығымен ерекшеленіп, «8D01401 – Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы бойынша PhD ғылыми дәрежесін иеленуге әбден лайықты.

Ғылыми жетекші,
педагогика ғылымдарының
докторы, профессор



15.01.2026

Ботагариев Т.А.